

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2026)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/BGQF1735>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/BGQF1752>

***Ж. Жылқыбайұлы¹, Р. С. Тұрысбек²**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5603-619X>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1322-5263>

*e-mail: Jauinbai01@mail.ru

ӘДЕБИ ДӘСТҮР ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ДАМУ: АБАЙДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ӘДЕБИ ҮДЕРІС (1905–1929)

XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ жазба әдебиеті қалыптасу кезеңін бастан өткізді. Ел әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы жалғасып, жаңашылдық Абай поэзиясынан бастау алды. Абай поэзиясының жаңалығы мен жаңашылдығы Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылығымен сабақтасып, әдеби үдеріс жанданды. Бұл зерттеудің мақсаты – Абай дәстүрі негізінде кейінгі кезеңдегі әдеби үдерістің көркемдік даму сипаты, поэтикалық қызметі мен жанрлық ізденістеріне қатысты талдаулар ұсыну. Бұған қол жеткізу үшін мұқият оқу әдісі, салыстырмалы әдіс, аналитикалық-синтетикалық әдіс, поэтикалық талдау әдістері арқылы Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Сәбит Дөнентаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мағжан Жұмабайұлының өлеңдері жан-жақты талданады. Зерттеу нәтижесі әдеби дәстүр мен көркемдік даму арналарын негіздеу, Абайдан кейінгі кезеңдегі әдеби үдерістің даму кезеңдерін мазмұндық, идеялық, жанрлық, стильдік ерекшеліктеріне қарай топтастыру, Абай дәстүрі негізінде философиялық-эстетикалық, әдеби поэтика, көркемдік формалар мен идеялық ықпалдастық орнату, Алаш әдебиетінің өкілдері ел әдебиетіндегі аллегориялық сипаттағы поэтикалық туынды, ағартушылық идея, әдеби қарсылық, реалистік, сатиралық образ, идеялық, риторикалық, құрылымдық, көркемдік формалар мен поэтикалық ойларды ықшамдап жеткізгенін, жаңа жанрлық ізденістерге жол ашқанын айқындау, өлеңнің ішкі мазмұнын тереңдетіп, сыртқы формасын ықшамдау, поэзияны әдеби ағартушылық, отарлаушы империяға әдеби қарсылық ретінде оқырман санасында интерпретациялау арқылы поэзияға терең ұлттық мағына үстеу, әдеби дәстүр жалғастығы мен көркемдік

даму, әдеби үдеріс белгілеріне сілтеме жасау үшін қолданылатынын көрсетті. Мақала авторы бұл зерттеу XX ғасыр басындағы әдеби дәстүр мен әдеби үдеріс, көркемдік даму бағыттарын тереңдете зерттеуге үлес қосады деп үміттенеді.

Кілтті сөздер: Абай дәстүрі, Алаш әдебиеті, поэтика, көркемдік даму, әдеби үдеріс, шығармашылық ықпалдастық.

Кіріспе

Дәстүр – белгілі бір халықтың тарихи жады. Халықтың салт-ғұрып, әлеуметтік, мәдени-әдеби құндылықтары дәстүр арқылы сабақтасып, қалыптасады. Дәстүрді тек сыртқы формада ғана емес, ішкі құндылықтар мен ақыл-ой жүйесінде тізбектеліп, адамның дүниені тану, ойлану, сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын мәдени-әлеуметтік код деп те атауға болады.

Қазақ халқының бағзы тарихынан «ата дәстүрі», «дәстүрге айналдыру», «дәстүр бұзбау», «салт-дәстүр», «дәстүр сақтау», «дәстүр сыйлау», «дәстүр ұстау» ұғымдары кеңінен қолданысқа енген. Қазақ әдебиетінің түсіндірме сөздігінде «дәстүр» ұғымын: «Дәстүр – ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, әлеуметтік ортада сақталған, әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы, әдетке сіңген салт-ғұрып, рухани мирас» [1, 582-б.], – деп негіздейді. Дәстүр – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, уақыт ағымында жаңғырып отыратын халықтың рухани жадын сақтаудың арнасы болса, әдебиет – дәстүрдің бір тармағы ретінде рухани санада сұрыпталып, көркем тіл арқылы бейнеленетін мәдени-эстетикалық құбылыс.

XX ғасыр басында әдебиет теориясында әдеби дәстүр ұғымы жаңаша пайымдала бастады. Мәселен, Т.С. Элиот өзінің атақты «Дәстүр және жеке дарын» атты эссесінде дәстүр алдыңғы буынның жетістіктеріне еліктеу ғана емес, дәстүрден туатын жаңашылдық, қайталаудан гөрі артық құбылыс екендігін айтады. Оның пікірінше, «дәстүр – әлдеқайда кең әрі терең ұғым. Оны ешкім мұра етіп ала алмайды, оны тек үздіксіз еңбектену арқылы ғана иеленуге болады» [2, 1-б.]. Әдебиеттанушы Питер Чилдс және лингвист Роджер Фоулер әдеби дәстүр ұғымын: «Дәстүр – белгілі бір тарихи кезең ішінде ұзақ уақыт бойына сақталып, көптеген көркем шығармаларда ортақ түрде көрініс тапқан формалық, стильдік және идеялық сипаттамалар жиынтығы» [3, 240-б.], – дейді. Сондай-ақ, әдебиет зерттеушілері бұл ұғымды екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі – дәстүрді тарихи категория ретінде танып, жеке шығармалар негізінде әдеби дамудың үдерісін зерделейді. Екіншісі – оны сыншылдық құрал ретінде пайдалып, дәстүрдің өзі арқылы жеке туындылардың көркемдік табиғатын ашады. Антрополог Александр Фокин Виноградовтың дәстүр – әдебиет пен мәдениеттің даму үдерісінің негізі деген тұжырымын «дәстүр» → «автор» → «шығарма» → «оқырман»

→ «жаңа автор» → «жаңа шығарма» → «жаңа оқырман» [4, 20-б.] схемасы арқылы көрсетеді. Яғни, автор бұрыннан бар дәстүрлі қалыптарға жаңа мазмұн енгізеді және жаңа автор жаңа мазмұнды қайта түрлендіріп, жаңашылдық пен дәстүр сабақтастығын қалыптастырады.

Әдебиет дәстүрден тыс өмір сүре алмайды. Ол тарихи-рухани сабақтастықтың көркем көрінісі ретінде дәстүрге сүйенеді. Автор бұрынғы дәстүрді бұзу, не жалғастыру арқылы жаңашылдық әкеледі. ХХ ғасыр басында қазақ әдебиетіне тың құбылыс әкелген Абайдың жаңа мазмұн, терең философиялық идея мен көркем формалық жаңалығы кейінгі Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылығында дәстүрлі жалғастық пен әдеби үдеріс ретінде дамыды. Абайдан кейінгі әдеби даму үдерісі көркемдік танымның тереңдеуі мен жанрлық ізденістердің күшеюімен тоғысты. Осы кезеңдегі әдеби дәстүр мен көркемдік даму сипаты – тарихи-эстетикалық және идеялық, поэтикалық тұрғыдан жан-жақты қарастыруды қажет етеді.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың зерттеу материалдары ретінде Ахмет Байтұрсынұлының «Малшы мен маса» мысалы, «Тілек батам» өлеңі, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» жинағы, «Қайтер едің?», «Болат жүрек» өлеңдері, Сәбит Дөнентаевтың «Жүрекке» өлеңі, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Алты аяқ», «Жылы кеш» өлеңдері, Мағжан Жұмабайұлының «Қайың» өлеңі қарастырылады. Әдеби мәтіндерді мұқият оқу (close reading) және аналитикалық-синтетикалық әдіс арқылы өлеңдегі поэтикалық мағыналарды жеткізу тәсілдері жан-жақты талданады. Салыстыру әдісі арқылы Абайдан кейінгі ақындардың поэзиясының құрылымдық ерекшеліктері мен формалық ізденістерін айқындауға қолданылды. Поэтикалық талдау әдісі поэтиканың құрылымын егжей-тегжейлі талдауға мүмкінді берді.

Нәтижелер мен талқылау

ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінде дәстүр және жаңашылдық тақырыбы кең көлемде зерттеле бастады. М. Базарбаев [5.], З. Ахметов [6.], А. Нұрқатов [7.] бастаған т.б ғалымдар зерттеу еңбектерінде ел әдебиетінің даму кезеңдеріндегі арғы-бергі дәстүр сабақтастығын қамтыды. Дегенмен, аталған ғалымдардың еңбектерінде назардан тыс қалған Алаш әдебиеті өкілдерінің мәтіндері біздің зерттеуімізде кешенді түрде талданады. Дәстүр және жаңашылдық әдеби үдеріске тән жалғастықты, мазмұн мен жаңа форманың бірлігін танытатын ұғым. Ел әдебиетіндегі жаңа көркемдік үлгі-өрнектер, философиялық идея мен мазмұн бірлігі анығырақ айтқанда, Абай шығармашылығында және Алаш кезеңінде айшықтала түсті. Әдебиеттану терминдер сөздігінде «жаңашылдық» ұғымына: «Жаңашылдық даму нәтижесінде біраз уақыттан кейін өзі дәстүрге айналады, келесі сатыда басқа жаңашылдық туып-өрбиді. Дәстүр мен жаңашылдық диалектикалық

бірлестікте болады. Оның негізі – ескі мен жаңаның жалғастығы. Дәстүр мен жаңашылдық тарихпен бірге өзгеріп отырады. Дәстүрге көркемөнердің тақырып ауқымы, үйреншікті сарын, өмірге қатынасы, бейнелер аумағы, идеялық бағыты, қалыптасқан көркемдік құралдар жатады» [8, 149-б.]. – деген анықтама береді. XX ғасыр басында әдеби үдерістегі жаңашылдық Абай поэзиясында анық байқалды. Ол халық дәстүрін жаңа әдеби үлгіде дамытып, батыс және шығыс әдебиетін синтездеп, поэзияның тарихи-эстетикалық көркем үлгілерін жасады. Әдебиет сыншысы Тәкен Әлімқұловтың сөзімен айтар болсақ, «Абай фольклорлық шығармалардың әбден қалыптасып қалған дәстүрлеріне, әдістеріне формаларына тәуелді болмай, жаңа тәсілдер, жаңа формалар, тың образ жүйелерін, сөз орамдарын таба білді. Өз заманының озық ойлы адамы ретінде, Абай поэзияның идеясын биіктете, пікірін байыта, сезімін тереңдете түсті» [9, 155-б.].

XX ғасырдың алғашқы ширегінде Абай өлеңдері Алаш қайраткерлерінің бастауымен «Айқап», «Қазақ» газет-журналдары арқылы жалпыұлттық сипатта насихатталды. Абай мұрасын насихаттауда айрықша рөл атқарып, ақынның өлеңге енгізген жаңа формасын қабылдап, дәстүр сабақтастығын жалғастырған Алаш қайраткерлерінің еңбегі жайлы әдебиеттанушы А. Ісімақова, К. М. Беркнмбаев, С. М. Сейітман, Ч. Нуруллах сынды ғалымдар: «Абай ақындығына баспасөзде тұңғыш баға берген – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Абайды орыс әлемі арқылы дүниежүзі оқырмандарына тұңғыш танытушы – Әлихан Бөкейхан. Абайдың өлеңдеріне тұңғыш тұщымды талдау жасаған – Ахмет Байтұрсынұлы. Бұрынғы-соңғы абайтанушылардың тізбегін жасаған және татар әлеміне алғаш таныстырған – Міржақып Дулатұлы. Абайға өлең жазып, оны тұңғыш «Хакім» атаған – Мағжан Жұмабай» [10.], – дейді.

Абай қазақ поэзиясына азаматтық, философиялық, жалпыұлттық мазмұн берді. Рулық, әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді көркем тілде жаңаша пайымдап, философиялық мән үстеді. Филология ғылымдарының докторы, профессор Мүсілім Базарбаев «Өлең – сөздің сарасы, сөз патшасы» еңбегінде дәстүр жалғастығын тақырып өзгешелігі; философиялық ой, толғаулар; дидактика, уағыз, гибрат сөздер; таптық мазмұн, бағыт; образ жасау тәсілі және бейнелеу амалдарының біркелкілігі; ауыз әдебиеті үлгісінің басымдылығы [11, 81-б.], – деген категорияларға бөліп қарастырады.

Көркем әдебиетті таптық мазмұн, бағыт тұрғысынан қарау социалистік реализмнің негізгі міндеті болғандықтан, ғалым кейінгі шыққан басылымдарда «таптық мазмұн, бағыт» деп аталатын мәселені алып тастап, жоғарыдағы бес мәселе төңірегінде зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұсынады. Аталған бес категория негізінде Абай өлеңдерінен қуат алған, саналы, бейсаналы түрде ақын өлеңдеріне еліктеген, сондай-ақ өзіндік өлең мазмұны мен әдеби жанр жүйесін жаңғыртқан Алаш әдебиетінің өкілдері

ақын мұрасымен әдеби шығармашылық ықпаластық орнатып, мазмұн және образ жасау тәсілін ілгері дамытты.

1918 жылы Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезов «Абайдан соңғы ақындар» мақаласында Абай өлеңдерінің құбылысын айшықтай отырып, дәстүр сабақтастығына арнайы тоқталады. Олар Абайдан кейінгі ақындарды үш топқа бөліп қарастырады. Бірінші топ – сыршыл ақындар. Бұл топтың өкілдері Мағжан Жұмабайұлы, Міржақып Дулатұлы, Сұлтанмахмұт Торғайғыров, Ахмет Мәметұлы. Екінші топ – халықшыл ақындар. Оған Ахмет Байтұрсынұлы, Сәбит Дөнентайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Бекет Өтегілеуұлын кіргізген. Үшінші топ – ескі дәстүрдің сарынын сақтаған ақындар. Бұл топқа Ғұмар Қарашты жатқызған. Жүсіпбек Аймауытұлы мен Мұхтар Әуезов бұл мақалада әр автордың ақындық күшіне, ортақ идеялық сабақтастығына, тақырып өзгешелігіне тоқтала отырып, Абай мен Шәкәрімнің өлеңдеріндегі дәстүр сабақтастығы жайлы былай пікір білдіреді: «Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен де еліктеген кісі – Шәкәрім. Мінді, кемшілікті айтқанда жерлеп, кекеп, шенеп, оңдырмайтын Шәкәрім өлеңінде шанышпа, ащылық бар» [9, 97-б.].

Алаш дәуірі – әдеби дәстүрдің ұлттық жаңғыру формасына айналды. 1909 жылы жарық көрген Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы қазақ халқының әдебиетке бет бұрысын қайта оятып, отарлық езгіге қарсы ұлттық бірлікке шақырды. Әдебиеттанушы, жазушы Сәбит Мұқанов «Оян, қазақ!» жарыққа шыға сала, қазақ зиялыларының жәрдемімен, қазақ елінің түкпір-түкпіріне аз уақытта тарап, тіпті, сол кездегі ұлт туын ұстауға ынталы оқығандар «Оян, қазақты!» ел аралап сатты» [12, 118.б.], – деп шығарманың сол кезеңде ұлтты оятуға тырысқан ащы ұранға айналғанын баяндайды. М. Дулатұлы өз өлеңдерінде Абайдың ұлт, халық, ағартушылық жайлы қозғаған идеяларын қайта жаңғыртты. Абай «Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті» десе, Міржақып «Жер кетті, дін нашарлап хал һараб боп, Қазағым, енді жату жарамас-ты», – дейді. Абай өлеңінде тұлғаға ерік бермеген халықтың қараңғы түсінігі, отарлық биліктің гегамониясы, ақынның ішкі күйзелісі терең психологиялық-философиялық реңкте көрінсе, Міржақып өлеңінде сол халықтың енжарлығын сынап, отарлық билікке қарсы саяси-әлеуметтік тұрғыдан ашық үндеу жасайды. М. Дулатұлының деколониялық ұстанымын қарастыра отырып, филология ғылымдарының докторы Айгүл Исмақова «Автор шығармаларындағы тілдік, стильдік, поэтикалық тәсілдер де деколониялық дискурсты тереңдете түседі. Міржақып Дулатұлы қазақтың ауыз әдебиеті мен жазба дәстүрін шебер ұштастыра отырып, отарлық қысымнан туған рухани дағдарысқа қарсы әдеби қарсылық тудырады» [13.], – дейді. Бұл әдеби қарсылық жалпыұлттық

сипат алып, кейінгі ақындардың шығармашылығында ашық көрініс табады. А.Байтұрсынұлы И.Қрыловтан аударған «Малшы мен маса» мысалында отарланған қазақ қоғамының рухани күйін астарлы бейнелер арқылы суреттейді. Ақын:

Мысалы, қазақ – малшы ұйықтап жатқан,

Жыланды бәле делік аңдып баққан.

Бәленің түрін көрген мен – Сары маса,

Халықты оянсын деп сөзбен шаққан [14, 82-б.], –

деген жолдарда «жылан» отарлық биліктің символы ретінде көрінсе, ақын «сары маса» арқылы ұлтты оятуға тырысады. Ыбырай, Абай дәстүрі арқылы бұл аллегориялық сипаттағы поэтикалық туынды жаңаша түрленді. Академик Рымғали Нұрғали «Қрыловтан Абай – 14, Спандияр Көбеев – 37, Бекет Өтетілеуов 12 мысал аударған» [15,19-б.], – дейді. А.Байтұрсынұлы мысал өлеңдер арқылы қазақ халқының түсінігіне сай, ұлттық сипатын, рухани енжарлығын, отарлық биліктің саясатын, ұлттық мүдденің жоқтығы мен ұлттық бірліктің әлсіздігін түпнұсқадан тыс жаңаша пайымдап, түрлендірді.

А. Байтұрсынұлы және М. Дулатұлының алғашқы өлеңдерінде ұлттық рух, ұлттық сарын, ұлттық ұран айқын көрінеді. Қос ақын қазақ балаларын оқуға шақырып, өлеңді ағартушылық құрал ретінде пайдаланады. Абай өлеңдерінің өзегін құраған ағартушылық идеясы жанданып, ортақ ұлттық бірлікке айналды. А.Байтұрсынұлы «Оқуға шақыру», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Анама хат», «Н.Қ ханым» өлеңдерінде Абайдың өлең өлшеулерін, ұйқас үлгілерін, көркемдік принциптерін пайдаланады. Ақын «Тілек батам» өлеңінде:

Я, Құдайым аққа жақ,

Өзіңе аян: мен нақақ.

Аққа деген жолымның

Абыройын ашпай, жап!

Мені ұстатып, айдатып,

Зығырданды қайнатып,

Масайрасып, маз болып,

Қуанғанды өзің тап! [14, 102-б.].

Әр шумақ 4 тармақтан, 7 буын, 2–3 бунақтан тұрады. Өлеңдегі 1–2 тармақтар мен әр шумақтың 4-ші тармақтары өзара ұйқасып отырады. Ақын өлеңге өзіндік форма енгізіп, әр шумақ мазмұн жағынан бөлек көрінгенмен, соңғы жол арқылы тізбекті жүйеге бірігіп отырады. Ақынның жоғарыдағы өлең формаларын пайдалану арқылы халық ауыз әдебиет дәстүрімен қатар, Абай өлеңдеріндегі 7–8 буындық өлең формаларын терең меңгергенін байқаймыз.

Дәстүр әдебиетте символдық, жанрлық, тақырыптық және поэтикалық құрылымдар арқылы көрінеді. Абай дәстүрін жалғаған ақынның идеялық-эстетикалық ұстанымын, көркемдік-шығармашылық принциптері мен суреткерлік бағдар-нысанын дамытып, жаңа жанрлық ізденістерге жол ашқан – Міржақып Дулатұлы болды. «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағынан кейін шыққан «Азамат», «Терме» жинақтарында ақынның поэтикалық қуаты кеңейіп, қоғамдық мәселелерден бөлек, терең философиялық тақырыптарды да қамтығанын байқаймыз. М.Дулатұлы «Көңіліме», «Шағым», «Мұң», «Қиял», «Қайтер едің?», «Сұлу қызға», «Арманым», «Қажыған көңіл», «Мұң», «Айырылу», «Сағыну», «Елім-ай», «Алашқа», «Қайда едің?», «Тұңғыш құрбан», «Болат жүрек» өлеңдерінде ащы ұранға ұрынбай, ішкі күйзелісін, отансүйгіш сезімін, махаббат мұңын, үміт, арман, қайғы-қуаныш секілді адамның жан әлемін лирикалық жырлар арқылы жеткізеді. Міржақып басқа ақындардан өз өлеңдеріне тақырып қою арқылы да ерекшеленеді. Ақын өлеңдерінде тақырып пен поэтикалық құрылымдар арасында терең мазмұндық және формалық тұтастық байқалады. Ақынның «Қайтер едің?», «Алашқа», «Елім-ай», «Қайда едің?» өлеңдерінде идеялық, риторикалық, құрылымдық, көркемдік формалар бір-бірімен циклдік жалғастықта дамып отырады. Ақын «Қайтер едің?» өлеңінде:

Үмітпен созған қолыңды тағдыр қақса,

Біліп еткен ісіңнен зор мін тапса,

Оң дегенің теріске һаман бастап,

Арбаң сынып, өгізің өліп жатса [16, 127-б.], –

деп, әр шумақ арқылы өмірде кездесетін қиын жағдайларды алға тарта отырып, оқырманға имплицитті риторикалық сұрақ қойып, ішкі диалог орнатады. Поэтикалық құрылымда риторикалық сұрақ әр шумақта тікелей айтылмаса да, өлең атауы бұл сұрақты шартты түрде әр шумақтың соңында ішкі қайталаным ретінде орнықтырады. Ақын өлең соңындағы:

Қайтер едің, жігітім, сырыңды айтшы,

Бақытыңа кез болса мұндай һәсте? [16, 127-б.], –

деген жолдар арқылы өлеңнің жалпы композициялық мазмұны осы сұраққа құрылғанын байқатады. Ақын Абай өлеңіндегі «Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме» қағидасын «Болат жүрек» өлеңінде:

Қажымай тұр орнында болат жүрек,

Достарың салды пышақ, найза тіреп.

Тігіреп жердің жүзін зұлмат басып,

Нажағай атылса да, күн күркіреп.

Тау құлап, тастар жанып, су шайқалып,

Сілкініп бұзылса да, жер дүркіреп.

Қандатып, қарлы боран қарсы соғып,

Жанбырдай ақса-дағы жас сіркіреп [16, 180-б.], –

деген жолдар арқылы жеткізеді. Өлеңдегі «болат жүрек» ақынның өз бейнесі. «Сатқын дос», «нажағай атылу», «күн күркіреу», «тау құлау», «тас жану», «су шайқалу», «жер дүркіреу», «қарлы боран» сияқты бейнелер арқылы ақын ұлт тағдырын, жеке бас қасіретін, ішкі күйзелісін, күрескерлік рух пен зұлмат заманның трагедиясын табиғат символикасы арқылы бейнелейді. Абайдан басталып, Міржақыпқа жалғасқан дәстүрді Сәбит Дөнентаев та өзіндік терең мазмұнды өлеңдері мен көркемдік қырлары, философиялық, идеялық бірлігімен сабақтастырды. Ақынның «Биік тау», «Жастыққа», «Балалықты сағыну», «Үміт», «Абайға», «Темір», «Жүрекке» өлеңдерінде рухани ұстазы Абайдан көп үйренгенін, оның өлең өлшемдері мен жаңа формаларын меңгергенін байқатады. Профессор Мүсілім Базарбаев: «Дәстүр, онда белгілі ұлттық әдебиеттің ішкі сырын, сапалық қасиетін аңғарту себепті мазмұндық рөлде танылса, бейнелеу, образ жасау амалы жағынан белгілі шығарманың, туындының формасы, түрлік қасиеті ретінде де байқалмақ [11, 80-б.], – дегендей, С.Дөнентаевтың «Жүрекке» өлеңінде:

Жалқау жүрек,

Тілге тілек

Тартынба!

Тән өлгенде,

Жұрт көмгенде,

Не қалмақшы артыңда? [17, 49-б.].

Бұл өлеңде Абайдың «Бойы бұлғаң» өлеңінің поэтикалық құрылымына жақын формалық үлгісі мен ырғақтық-буындық жүйесі анық байқалады. Әр шумақта 6 тармақ, екі алғашқы тармақ 4 буын, үшінші тармақ кейде 4 буын, көбіне 7 буын арқылы жалғасып отырады. Абай өлеңдеріндегі «ыстық жүрек», «ауру жүрек», «ызалы жүрек», «ынталы жүрек» деген жүрек образы Сәбит өлеңінде «жалқау жүрек» бейнесінде көрінеді. Ақын Абай поэтикасын шығармашылық тұрғыдан игеру арқылы, сол үлгі идеялық-көркемдік тұрғыдан жаңаша қырынан дамытқан. Міржақып Дулатұлынан кейін әдебиетке келген қаламгерлер жанрлық тұрғыдан ашық ізденістерге жол бастап, поэтиканың барлық элементтерін қарастырып, әдеби үрдіс жанданды. Сондай ақындардың бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Сұлтанмахмұт әлеуметтік өмірдің қайшылықтарын, қоғамның ащы шындығын, қазақ тұрмысын, заман келбетін суреттеуде Абай дәстүрін дамытып, өзіндік жаңа түр, мазмұн, форма тапқан. Ақынның «Қ...ға сәлем», «Жан қайда әділетті іздейтұғын», «Анау-мынау», «Көңілім, неге жасисың», «Дүниедегі қызықтың», «Алты аяқ», «Жүрегім, тулап, шабасың», «Мейірімсіз ажал», «Жас жүрек», «Шәкірт ойы», «Сымбатты сұлуға» өлеңдері идеялық-

мазмұндық және формалық тұрғыдан Абай шығармашылығымен сабақтас. Ол көркемдік әдіс тұрғысынан Абай дәстүрін жалғастырып, мазмұн мен пішін тұтастығын сақтаған. Ақынның поэтикалық тілінен, өлең құрылымынан публицистикалық екпін мен көркем бейнелілік айқын байқалып, бір-бірімен ұштасып отырады. Оның «Қайқы құйрық, шұбар қыз, істік мұрын», «Таңқы мұрын, быртыған, кара бұжыр» өлеңдеріндегі бейнелеу тәсілдері Абайдың сатиралық дәстүріне негізделген реалистік образ жасаудың жалғасы болды. Сұлтанмахмұттың «Алты аяқ» өлеңі құрылымдық жағынан Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің формалық үлгісін негізге ала отырып жазылған. Абай жаңалық ретінде енгізген көптармақты ырғақ пен буын өлшеміндегі еркіндікті ақын 6 тармақ, 7–8 буынды формада дамытып, өлең құрылымына өзіндік жаңашылдық әкелді. Ақын «Жылы кеш» өлеңінде:

Көк ауа, мөлдір аспан бейне жібек,
Көргеннің көңілі өсер, ойы түлеп.
Ай бауыры, көкорайдың қойынында,

Сырласар сабырменен сүйген жүрек [18, 17-б.], –

деген жолдар арқылы «көк ауа», мөлдір аспан», «ай бауыры», «сүйген жүрек» бейнелі тіркестер арқылы табиғат пен адам болмысын сабақтастыра суреттейді. Ақынның «Адасқан өмір», «Кедей», «Айтас» поэмалары мен «Қамар сұлу» романы түрлі жанрлық ізденістердің нәтижесінде туған көркем туындылар. «Адасқан өмір» поэмасында лирикалық «меннің» «бала», «жігіт», «кәрі», «өлік» секілді кезеңдік кейіпте берілуі арқылы тұлғаның ішкі тоқырауы, арылуы терең философиялық-психологиялық аспектіде көркем бейнеленеді. С. Торайгыров Абайдан кейін қазақ поэзиясында тұлғаның ішкі әлемін, философиялық-психологиялық күйін бейнелеуге бағытталған формалық және көркемдік іздерстер молынан жасады.

Абай дәстүрін идеялық-көркемдік, формалық тұрғыдан жаңғыртып, қазақ әдебиетіне көркемдік-эстетикалық жаңашылдық әкелген ақындардың бірі – Мағжан Жұмабайұлы. Ақынның шығармашылығын академик Рымғали Нұрғали «табиғатпен сырласудан туған толғанысты жырлар», «махаббат лирикасы», «түрме тауқыметі», «философиялық трагедиялық жырлар», «фантастикалық сарындағы өлеңдер» деп бірнеше топқа бөліп қарастырады [15, 129-133-бб.]. Мағжан өз поэтикасын Абай ілімінің аясында кеңейтіп, жаңа поэтикалық бағдар ұсынды. Абайдың «Мен сәлем жазамын», «Қатыны мен Масақбай», «Ысытқан, суытқан», «Көзімнің қарасы», «Сен мені не етесің?», «Сегіз аяқ» өлеңдеріндегі буын ықшамдау, формалық ізденістер Мағжанның «Жұмбақ», «Сүйемін», «Біраз Фетше», «Жазғы түнде», «Қайың», «Өлең», «Шылым», «Ой» өлеңдерінде де көрініс тауып, жаңаша сабақтасты. Мысалы, «Қайың» өлеңінде:

Қайғылы қайың!
Аяныш жайың.
Сыбырлайсың,
Дірілдейсің,
Еңкейесің,
Күбірлейсің,
Ызғарлы жел
Соққан сайын [19, 201-б.].

Өлеңнің сырты формасында әр шумақ 8 тармақ, 4–5 буын, 1 бунақтан тұрады. Буын өлшемдері өзара интонациялық-ырғақтық үйлесіммен құрылған. Ұқсас заттарды көркем ассоциациялау арқылы өлеңнің сыртқы формасын ықшамдап, ішкі мазмұнын кеңейте түседі. Қайың бейнесі арқылы адамның ішкі күйзелісін, жан дүниесін, мұң-қайғысын терең суреттейді. «Күншығыс», «От», «Пайғамбар», «Тәңірі», «Жаралы жан», «Оқжетпес қиясында», «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян», «Қорқыт» өлеңдері мен поэмаларында тарихи-эстетикалық концепциялар мен көркем образдар жүйесін жасап, жаңа сипаттағы идеялық-эстетикалық көркемдік жүйелер жасады. Мағжан қазақ әдебиетіне Абай дәстүрінің қуатымен еніп, кейін батыс, шығыс ақындарының өлең өлшеулерін, әдеби дәстүрін өзіне терең сіңірді. Романтизм, символизм, сентиментализм бағыттарында қалам тербеп, символдық бейнелеу, лирикалық қаһарман, ішкі монолог сынды формалық ізденістер арқылы қазақ әдебиетін жаңа көркемдік деңгейге көтерді.

Абайдан кейінгі әдеби дәстүр идеялық-эстетикалық жаңашылдықпен сабақтасып, әдеби үдеріс ұлтшылдық, ағартушылық сарыннан түрлі әдеби бағыттарға қарай ойысты. Ел әдебиетіне Кеңес үкіметі орнағаннан кейін саяси талаптар қойылып, социалистік реализм идеялогиясы үстемдік етті. Әдеби үдерістің бағыт-бағдары өзгеріп, көркем шығармалар идеологиялық сүзгіден өтіп отырды. Дегенмен, Абай дәстүрі Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылығында поэтикалық және мазмұндық жалғастықта сақталып, отарлық билікке қарсы астарлы бейнелер мен детальдар әдеби үдерісте көркемдік-идеялық тұрғыдан дамыды.

Қорытынды

Абайдан кейінгі кезеңдегі әдеби үдерісті қарастырған бұл зерттеу нәтижесі 1905–1929 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі дәстүр сабақтастығы мазмұндық, идеялық, жанрлық, стильдік салалармен жаңаша түрленіп, қалыптасқанын байқатты. Алаш әдебиетінің өкілдері ел әдебиетіндегі аллегориялық сипаттағы поэтикалық туынды, ағартушылық идея, әдеби қарсылық, реалистік, сатиралық образ, идеялық, риторикалық, құрылымдық, көркемдік формалар мен поэтикалық ойларды ықшамдап жеткізгені, жаңа жанрлық ізденістерге жол ашқаны айқындалды. Сонымен қатар, өлеңнің ішкі мазмұнын тереңдетіп, сыртқы

формасын ықшамдау, поэзияны әдеби ағартушылық, отарлаушы империяға әдеби қарсылық ретінде оқырман санасында интерпретациялау арқылы поэзияға терең ұлттық мағына үстеу, реализм, символизм, сентиментализм, натурализм әдеби бағыттарын дамыту, поэзия әлеміне жаңалық енгізу, жанрлық ізденістер арқылы әдеби үдеріс көркемдік тұрғыдан дамыту мәселелері мен дәстүр мен жаңашылдық ұғымы жан-жақты қарастылды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том [Мәтін] / Құраст.: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы : 2011. – 4-том. – Б–Д. – 752-б.

2 **Eliot, T. S.** Tradition and the individual talent [Text] // Perspecta. – 1982. – Т. 19. – С. 36–42.

3 **Childs, P., Fowler, R.** The Routledge dictionary of literary terms [Text]. – London : Routledge, 2006. – 272 p.

4 **Фокин, А. А.** Литературно-художественная традиция в антропологическом аспекте : монография [Текст]. – Ставрополь : Изд-во «Тимченко О. Г.», 2025. – 234 с.

5 **Базарбаев, М.** Казахская поэзия: художественные искания [Текст] : (К традициям Абая) / М. Базарбаев ; [отв. ред. С. С. Кирабаев] ; Институт литературы и искусства им. М. О. Ауэзова. – Алматы : Жазушы, 1995. – 298 с.

6 **Ахметов, З. А.** Современное развитие и традиции казахской литературы [Текст] / З. А. Ахметов. – Алма-Ата : Наука, 1978. – 328 с.

7 **Нұрқатов, А.** Жалғасқан дәстүр. Шығармалар жинағы [Мәтін] : зерттеулер, мақалалар. Т. 4 / А. Нұрқатов. – Алматы : Искандер баспаханасы, 2010. – 396-б.

8 **Ахметов, З., Шаңбаев, Т.** Әдебиеттану. Терминдер сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1998. – 384 б.

9 **Нұрғали, Р.** Жеті томдық шығармалар жинағы. Т. 5: Әдебиет теориясы. Нұсқаулық [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2005. – 536-б.

10 **Ісімақова, А., Беркімбаев, К.М., Сейітман, С.М., Нуруллах, Четин.** Абай және Алаш: дәстүр сабақтастығы [Мәтін] // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – № 4 (118). – Б. 87–95. – <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.03>

11 **Базарбаев, М.** Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 1973. – 253-б.

12 **Мұқанов, С.** Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т. 7: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі) [Мәтін]. – Алматы : Әдебиет Өлемі, 2012. – 420-б.

13 **Ісімақова, А.** Міржақып Дулатұлының шығармашылығы: деколониялық дискурс [Мәтін] // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2025. – № 2 (151). – Б. 218–229. – <http://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-204-215>

14 **Байтұрсынұлы, А.** Алты томдық шығармалар жинағы. Т. 1 [Мәтін]. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

15 **Нұрғали, Р.** Шығармалары. Т. 5: Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: әдеби зерттеулер, эссе және сұхбаттар. I кітап [Мәтін]. – Астана : Фолиант, 2013. – 384-б.

16 **Дулатұлы, М.** Алты томдық шығармалар жинағы. Т. I: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер [Мәтін] / Құраст.: Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы : Мектеп, 2013. – 368 б.

17 **Дөнгентаев, С.** Шығармалары [Мәтін]. – Павлодар : ЭКО ФӨФ, 2003. – 128 б.

18 **Торайғыров, С.** Сарыарқаның жаңбыры: Өлеңдер мен дастандар [Мәтін] / Құраст.: Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы : Раритет, 2007. – 208-б.

19 **Жұмабайұлы, М.** Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. Т. 1 [Мәтін] / Құраст.: К. Матыжанов, Ж. Рақыш, Н. Сәрсек, Т. Әкімова. – Астана : Түркі академиясы, 2023. – 688-б.

REFERENCES

1 Qazaq ädebî tilinin sözdigi. On bes tomdyq. Vol. 4 [Kazakh literary language dictionary. Fifteen-volume. Vol. 4] [Text] / Qurast.: N. Äsimbaeva, Q. Rysbergenova, Ž. Mankeeva, etc. – Almaty : 2011. – B–D. – 752 p.

2 **Eliot, T. S.** Tradition and the individual talent [Text] // Perspecta. – 1982. – Vol. 19. – P. 36–42.

3 **Childs, P., Fowler, R.** The Routledge dictionary of literary terms [Text]. – London : Routledge, 2006. – 272 p.

4 **Fokin, A. A.** Literaturno-khudozhestvennaâ tradiciâ v antropologičeskom aspekte: monografiâ [Literary and artistic tradition in the anthropological aspect. Monograph] [Text]. – Stavropol : Timčenko O.G., 2025. – 234 p.

5 **Bazarbaev, M.** Kazakhskaiia poezii: khudozhestvennye iskaniiia [Kazakh poetry: artistic quests] [Text] : (K traditsiiam Abaia) / M. Bazarbaev ; [ed. S. S. Kirabaev] ; M. O. Auezov Institute of Literature and Art. – Almaty : Zhazushy, 1995. – 298 p.

6 **Akhmetov, Z. A.** Sovremennoe razvitiie i traditsii kazakhskoi literatury [Modern development and traditions of Kazakh literature] [Text] / Z. A. Akhmetov. – Alma-Ata : Nauka, 1978. – 328 p.

7 **Nurqatov, A.** Jalğasqan дәstür. Shyğarmalar jinağy [The continuing tradition. Collected works] [Text] : zertteýler, maqalalar. T. 4 / A. Nurqatov. – Almaty : Iskander baspananasy, 2010. – 396 p.

8 **Ahmetov, Z., Şajbaev, T.** Ädebïttanu. Terminder sözdigi [Literary studies. Dictionary of terms] [Text]. – Almaty : Ana tili, 1998. – 384 p.

9 **Nurgali, R.** Jetti tomдық shyğarmalar zhinağy. T. 5: Ädebïet teoriasy. Nusqaulyq [Seven-volume collected works. Vol. 5: Theory of literature. Manual] [Text]. – Astana : Foliant, 2005. – 536 p.

10 **İsimaqova, A., Berkimbaev, K. M., Seïtman, S. M., Nurullah, Chetin.** Abai jāne Alash: dāstur sabaqtastygy [Abai and Alash: the continuity of tradition] [Text] // Yasai universitetinin khabarshysy. – 2020. – No. 4 (118). – P. 87–95. – <https://doi.org/10.47526/2020/2664-0686.037>

11 **Bazarbaev, M.** Ölen – sozdin patshasy, soz sarasy [Poetry is the king of words, the essence of language] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1973. – 253 p.

12 **Muqanov, S.** Klassikalyq zertteuler: Kop tomдық. T. 7: XX gasyrdagy qazaq ädebïeti. I bolim (Ultshyldyk, baishyldyk dauiri) [Classical studies: multi-volume. Vol. 7: Kazakh literature of the 20th century. Part I (Period of nationalism and feudalism)] [Text]. – Almaty : Ädebïet Älemi, 2012. – 420 p.

13 **İsimaqova, A.** Mirzhakyp Dulatulynyn shyğarmashylygy: dekolonialdyq diskurs [Works of Mirzhakyp Dulatuly: Decolonial discourse] [Text] // L. N. Gumilev atyndagy Eurasia ult. universitetinin khabarshysy. – 2025. – No. 2 (151). – P. 218–229. – <http://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-204-215>

14 **Baitursynuly, A.** Alty tomдық shyğarmalar zhinağy. T. 1 [Six-volume collected works. Vol. 1] [Text]. – Almaty : El-shezhire, 2013. – 384 p.

15 **Nurgali, R. Shyğarmalary. T. 5: Qazaq ädebïetinin altyn gasyry: ädebï zertteuler, esse zhane sükhbattar. I kitap** [Collected works. Vol. 5: The golden age of Kazakh literature: literary studies, essays and interviews. Book I] [Text]. – Astana : Foliant, 2013. – 384 p.

16 **Dulatuly, M.** Alty tomдық shyğarmalar zhinağy. T. 1: Ölender, roman, p'esa, angimeler [Six-volume collected works. Vol. 1: Poems, novel, play, stories] [Text] / Qurast.: G. Dulatova, S. Imanbaeva. – Almaty : Mektep, 2013. – 368 p.

17 **Donentaev, S.** Shyğarmalary [Collected works] [Text]. – Pavlodar : EKO GOF, 2003. – 128 p.

18 **Toraygyrov, S.** Saryarqanyn zhanbyry: Ölender men dastandar [Rain of Saryarka: Poems and epics] [Text] / Qurast.: E. Duisenbaiuly. – Almaty : Raritet, 2007. – 208 p.

19 **Zhumabaiuly, M.** Shyğarmalarynyn akademiāldyq tolyq zhinağy. Ush tomдық. T. 1 [Academic complete works. Three-volume. Vol. 1] [Text] / Qurast.: K. Matyghanov, Zh. Rakysh, N. Sarsek, T. Akimova. – Astana : Turki Akademiāsy, 2023. – 688 p.

30.07.25 ж. баспаға түсті.

17.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

16.02.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Ж. Жылкыбайұлы¹, Р. С. Турысбек²

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилёва,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 30.07.25.

Поступило с исправлениями 17.10.25.

Принято в печать 16.02.26.

ЛИТЕРАТУРНАЯ ТРАДИЦИЯ И ХУДОЖЕСТВЕННОЕ РАЗВИТИЕ: ЛИТЕРАТУРНЫЙ ПРОЦЕСС ПОСТАБАЕВСКОГО ПЕРИОДА

В первой четверти XX века казахская письменная литература переживает этап становления. В отечественной литературе продолжилась преемственность традиций, а новаторство берет начало из поэзии Абая. Новаторство и художественная оригинальность поэзии Абая находят продолжение в творчестве представителей литературы Алаш, что активизировало литературный процесс. Цель данного исследования — на основе Абаевской традиции предложить анализ художественного развития, поэтической функции и жанровых поисков литературного процесса последующего периода. Для достижения этой цели используются методы внимательного прочтения текста (close reading), сравнительного анализа, аналитико-синтетический подход и поэтический анализ. Внимательно рассматриваются стихотворения Ахмета Байтурсынулы, Мыржакыпа Дулатулы, Сабита Донентаева, Султанмахмута Торайғырова и Мағжана Жұмабаева. Результаты исследования позволяют обосновать основные направления литературной традиции и художественного развития, систематизировать этапы литературного процесса постабайского периода по содержательным, идейным, жанровым и стилистическим признакам. На основе Абаевской традиции выявлены философско-эстетические принципы, элементы поэтики, художественные формы и идейное взаимодействие. Установлено, что представители литературы Алаш в поэтической форме аллегорического характера выразили идеи просвещения, литературного сопротивления колониальной политике, реалистические и сатирические образы. Они стремились углубить внутреннее содержание стиха при его внешней лаконичности. Поэзия рассматривается как форма литературного просвещения и художественного сопротивления колониальной империи, обретая в сознании читателя глубокий национальный смысл

Таким образом, литературная традиция, художественное развитие и признаки литературного процесса используются в исследовании как содержательные и методологические ориентиры. Автор выражает надежду, что данная работа внесет вклад в углубленное исследование литературной традиции, художественной эволюции и поэтической системы казахской литературы начала XX века.

Ключевые слова: традиция Абая, литература Алаша, поэтика, художественное развитие, литературный процесс, творческое взаимодействие.

*Z. Zhylkybaiuly¹, R. S. Turysbek²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 30.07.25.

Received in revised form 17.10.25.

Accepted for publication 16.02.26.

LITERARY TRADITION AND AESTHETIC DEVELOPMENT: THE LITERARY PROCESS OF THE POST-ABAI PERIOD (1905–1929)

In the first quarter of the 20th century, Kazakh written literature entered a formative stage. The continuity of national literary tradition was maintained, while literary innovation found its initial impetus in the poetry of Abai. The novelty and reformative character of Abai's poetic language became intertwined with the creative works of representatives of Alash literature, thereby revitalizing the literary process. The aim of this study is to offer an analysis of the features of aesthetic development, poetic function, and genre-related explorations in the literary process of the subsequent period, based on the tradition established by Abai. To achieve this, the research employs close reading, comparative analysis, analytic-synthetic methodology, and poetic analysis. The poems of Akhmet Baitursynuly, Myrzhakyp Dulatuly, Sabit Donentaev, Sultanmakhmud Toraiyrov, and Magzhan Zhumabaiuly are examined in detail. The findings of the study allow for the substantiation of the main directions of literary tradition and aesthetic development, as well as for the classification of the stages of literary evolution in the post-Abai period according to their thematic, ideological, genre-based, and stylistic characteristics. The research identifies philosophical and aesthetic principles, elements of poetic structure, artistic forms, and ideological interconnections rooted in Abai's tradition. It is established that the representatives of Alash literature

expressed ideas of enlightenment, literary resistance to colonial policy, and constructed realistic and satirical imagery through allegorical poetic forms. Their poetic strategies reflect a tendency toward intensifying the internal semantic content of verse while simplifying its external form. The poetry of this period is interpreted as a means of literary enlightenment and artistic opposition to the colonial empire, gaining profound national meaning in the reader's perception. Thus, literary tradition, aesthetic development, and the defining features of the literary process serve in this research both as objects of inquiry and methodological coordinates. The author of the article expresses hope that the study will contribute to a deeper understanding of the directions of literary tradition and the artistic evolution of Kazakh literature at the beginning of the 20th century.

Keywords: Abai's tradition, Alash literature, poetics, aesthetic development, literary process, creative interaction.

Теруге 16.02.2026 ж. жіберілді. Басуға 27.03.2026 ж. кол койылды.

Электронды баспа

5,46 МБ RAM

Шартты баспа табағы 40,7. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4508

Сдано в набор 16.02.2026 г. Подписано в печать 27.03.2026 г.

Электронное издание

5,46 МБ RAM

Усл. печ. л. 40,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4508

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz